

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Тегеурінді теңге кімге тиімді?

Теңгеміз күшейген сайын оның салмағын экономиканың әлеуеті көтере ала ма деген сұрақтың жауабы жан-жақты саралана бастады. Себебі валюта нарығында теңге бағамына қатысты қызық құбылыс байқалып жүр. Атап айтқанда, 1 АҚШ долларының құны – 431,08 теңге, Ресей рублінің орташа сараланған бағамы – 5,72 теңге. Ал инфляция 20-21 пайыз деңгейінде тұр.

Сәуірде теңге/доллар валюталық паритеті бір доллар үшін 434,6 теңгеге жетуі мүмкін екені айтылып жатыр. Тәуелсіз сарапшылар дәл осындай жағдай өткен жылдың тамыз айында да байқалғанын, теңгеміздің ешкімге дес бермей кеткенін айтады. Сол кезде ел арасында Ұлттық банк мұндай жағдайда доллардың пайдасына кері интервенция жасауы мүмкін деген пікір басым болған. Кез келген экономика үшін тек қана күшті валюта емес, тұрақты ұлттық валюта маңызды екенін сарапшылардың бәрі айтады. Ұлттық банк алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін, оның ішінде кейбір макроэкономикалық параметрлерді орындау үшін валюта бағамының тым әлсіремегені, сонымен бірге тым нығая бермейтіні тиімді деген ұстанымға басымдық беріледі. Бұл саясат мұнай саудагерлерінің де, бюджеттің де көңілінен шықты. Мұнайды доллармен саудалау өндірушілерге тиімді болды, оның түсімі бюджеттің бүйірін шығармаса да аш қалдырмады. Осыған дейін әлсіз теңге саясатына басымдық берген Үкімет енді «тегеуірінді теңге кімге керек?» деген мәселені ашық қойды. Доллар трейдерлерінің жолын кесу арқылы теңгеге дем салуға кірісіп кетті.

Қаржыгерлер қауымдастығының өкілі Зарина Скрипченко алдағы жағдайды сыртқы және ішкі факторлардың беталысы айқындайтынын айтады. Оның түсіндіруінше енді 1 айдан кейін 1 доллардың құны 434,6 теңгеге дейін құбылуы мүмкін. Квазимемлекеттік сектордың валюталық түсімдерді сатуы және Ұлттық қордан аударылған трансферттерді айырбастау ұлттық валютаның өсуіне үлкен әсер етті. Сарапшы Ұлттық банк деректеріне сілтеме жасай отырып, наурызда бұл транзакциялардың көлемі шамамен 900 миллион долларды құрайтынын немесе орташа айлық сауда көлемінің 39 пайызға жететінін де қаперге салып өтті.

«2023 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлері жобасын талқыланған кезде 1 доллар 470 теңге шеңберінде белгіленді. Мұндай жағдайда күшті теңге бюджетке түсетін салық түсімдерінің көлеміне теріс әсер етсе де басқа өлшемдер бойынша қарыз қаражатын тартуды ынталандырады. S&P рейтинг агенттігі Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «BBB-/A-3» деңгейінде растады. Болжам «жағымсыздан» «тұрақты» деңгейге көтерілді. Ендігі жартыжылдықта «тұрақтыдан» «позитивке» өтуге мүмкіндік бар», дейді сарапшы.

Ішкі нарықта доллардың көптеп сатылуы оның құлдырауына себеп болып жатыр деген де пікір бар. Ал бізде долларды көп сатуға Ұлттық банк пен Ұлттық қордың ғана құқы бар. Басқаларының алыпсатарлығы нарыққа айтарлықтай әсер ете қоймайды. Ұлттық банк наурыз айының бас кезінде 750-850 миллион доллар сататынын хабарлады.

Қаржы сарапшысы Ғалым Құсайыновтың айтуынша, Ұлттық қордағы қаржының нарыққа көбірек келе бастауы доллардың арзандауына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ ол шетел валютасын сатып алуға шектеуді жою қажет, бұл нарықтың құбылмалылығын азайтады дейді. Сарапшының айтуынша, теңгенің кенеттен күш алып кетуінің макроэкономикалық алғышарттары қалыптасқан жоқ. Басқаша айтқанда, экономиканың әлеуеті күшті теңгенің екпінін көтере алмауы да мүмкін.

«Бірақ теңгенің күшті болуы инфляцияға өте жақсы әсер етеді, өйткені теңгемен импортталатын тауарлар төмендейді, ал біз импортқа қатты тәуелдіміз. Ұлттық банктің негізгі мандаты инфляция екенін ескерсек, теңгенің берік болғаны Ұлттық банкке тиімді», дейді Ғ.Құсайынов.

Осыдан бес-алты жыл бұрын Goldman Sachs банкінің президенті Гэри Кон әлем елдері экономикалық өсім үшін ақша соғысына дайындалып жатқанын жазған болатын. Сол уақыттан бері дамыған елдер үшін соғыстың мұндай түрі өз жемісін бере бастағанын көріп жүрміз. Сондықтан доллардың кенеттен әлсіреп, теңгеміздің күшейіп кетуіне қуануға әлі ерте деуге де негіз бар.

Қаржыгер Ілияс Исаев бізбен әңгімесінде АҚШ арзан ақша саясатын іске қосқанын және коммерциялық банктердің корреспонденттік шотында жатқан мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алып, бизнесті несиелендіруіне жол ашқанын айтып берді. Мұндай ойыннан ЕО елдері де қалыс қалған жоқ. Оның пікірінше, теңгенің шамадан тыс нығаюы бастапқы кезде Қазақстан экономикасына да зиянын тигізуі мүмкін, өйткені біздің экономикамыздың күретамыры экспорттаушыларға тәуелді. 2023 жылдың бюджет болжамында мұнайға қатысты есепті баға барреліне 85 доллар, 1 доллар үшін бағам 470 теңге шамасында белгіленген. Осы есептеулер аясында республикалық бюджеттің кірісі 16 трлн теңге деңгейінде қалыптасты. Дегенмен қазір теңге әлдеқайда күшті, бюджетке түсетін түсімдердің азаюына байланысты түзету қажет болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді перспективада біздің экономиканың құрылымы шикізат бағасына өте қатты байланысты. Біз отыз жыл бойы осы шындыққа тәуелді болдық, күшті доллар, әлсіз теңге ережесіне басымдық беріп келді. Мұндай идеяны қолдаушылар біздің шикізаттық бағытқа басымдық берген ел екенімізді, күшті доллар бюджет түсімін арттыратынын айтып келді.

«Мұндай ұстаным шикізат саудасы ойыншыларының мүддесіне басымдық берді, Үкіметтің өз бетінше шешім қабылдау мүмкіндігін шектеп, бизнестің алыпсатарлық сипатын тереңдетіп жіберді. Мұндай

ойын валюта соғысы ойыншыларының да, біздің мұнай саудасы ойыншыларының да ойынан шықты», дейді І.Исаев.

Білікті қаржыгер «Арзан доллар – күшті теңге» жобасының қаншалықты ғұмырлы боларын ешкім де дөп басып айта алмайтынын қаперге салып өтті. Ұлттық банктің наурыз айының бас кезіне дейін 750-850 млн, күн сайын 60-100 млн долларды саудаға шығаруынан қауіптенудің, кейбір саясаттанушылардың 19 наурыздан кейін доллар бағасы қымбаттайды деген болжамына мән берудің қажеті жоқ. Себебі қымбат доллар тек мұнай ойыншыларына, олигархтарға ғана жұмыс істеп келді. Енді Ұлттық банк пен Үкімет нарықтағы доллар трейдерлерінің жолын кесіп, теңгенің нарықтық бағамын қалыптастыруға шындап кіріскен тәрізді. Егер бұл үрдіс ұзаққа созылса, мұнайды арзан доллармен саудалау мұнай ойыншыларының мүддесіне сай келмеуі, инвестициялық жобаларға басымдық беруі мүмкін. Себебі оларда одан өзге жол қалмайын деп тұр. Сарапшының айтуынша, теңгеміздің тағдыры емес, ШОБ-тың тағдыры, экономикамыздың тағдыры «Арзан доллар – күшті теңге» жобасының қорытындысына тәуелді болып тұр.

Тегеуірінді теңге алдымен халыққа керек. Ал мұнай-газ саудасының құлағында отырған ойыншылар осыны түсінген күні экономикамыз халықтық сипат алады, қымбат теңге инфляцияны тежейтін күшке айналады.

«Ұлттық банк пен Үкімет тарапынан мұндай қадамдар бұрын да болған. Бірақ соңына дейін табандылық таныта алмады. Мемлекеттің экономикалық базасын бақылап отырған қаржы институттарының олигополияның қысымында болып келгені енді ашық айтылып жатыр. Үкімет қаржы трейдерлерінің жолын кесу, мұнай-газ түсімінің тағдырын теңгемен байланыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың есігін ашты. Енді кері шегінуге жолдың қалмағанын Ұлттық банк те, Үкімет те көріп отыр. Біз мұның жемісін алдағы екі-үш жылда көретін боламыз», деп сөзін түйіндеді Ілияс Исаев.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ